



МЕМЛЕКЕТТИК ТІЛ - ТҮФІРЫҢ

ТІЛ ТУРАЛЫ
ТОЛҒАМ



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ТҮФҮРЫҢ

ТІЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАМ



“Ер-Дәүлет”
Астана
2007

ББК 81.2 Қаз
Т 93

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ**

**АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАFАТ КОМИТЕТИНІң
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**

Тіл туралы толғам. Құрастыр. /Д. ДҮЙСЕБАЙ.
Т 93 – Астана: Ер-Дәулет, 2007. – 160 бет.

ISBN 9965-32-478-6

«Тіл туралы толғам» атты жинак дер кезінде құрастырылған, бүтінгі таңдағы өте маңызды, көкейкесті мәселені көтеріп отыр. Мемлекетіміздің, Елбасының тіл саласындағы саясатын қолдайтын, іске асыруға айтарлықтай үлес қосатын, қогамның барлық мүшесінің кажетіне жарайтын құнды ізденіс деп атауға тұратын енбек.

Жинақтың жалпы құрылымы, құрастырылуы, мазмұны салмақты. Макал-мәтелдер, бұрынғы ойшылдардың, қазіргі мемлекет, қоғам, мәдениет, өнер саласы қайраткерлерінің нақыл сөздері мен пікірлері, тұжырымдары оқырманға терең ой салары анық.

Жинақ қалың оқырманға арналған.

4602020400
Т-----хабарландырылған, 2007
00 (05) -07

ББК 81.2 Қаз

ISBN 9965-32-478-6

© Дүйсебай Д. 2007
© “Ер-Дәулет”, 2007

Алғысөз орнына

Қазақ тілінің маңайында жүріп жатқан дау-дамай, айтыс-тартыстардың өршіп-өршіп, жалындан жанып, саябырси бастағаны да тегін емес. Елбасымыздың сындарлы саясаты аясында соңғы кездері бұл мәселелеге байланысты ізгі қадамдар жасалды.

Республика Президенті Н.Назарбаевтың «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға толықтырулар енгізу туралы» 2006 жылғы 30 мамырдағы №127 Жарлығы, тілге қатысты шешімін күткен мәселелерді іске асырудың накты жолдары мен бағыт-бағдарын көрсеткен «Ана тілі» газетіндегі Елбасының сұхбаты, Мемлекеттік хатшы (2006 жыл – Д.Д) О.Әбдікәрімовтің төрағалық етуімен барлық жоғары лауазымды мемлекеттік шенеуніктер мен мемлекеттік емес ұйымдар, мекемелер басшыларының қатысуымен өткен «дөнгелек үстел», сондай-ақ Үкімет басшысы (2006 жыл – Д.Д) Д.Ахметовтің тілдерді дамыту мәселесі бойынша өткен кенесінің хаттамалық шешімі сиякты үлкен құжаттар қабылданып, тіл төңірегіндегі мәселелер түгел қамтылды.

Осылардың бәрі 2006 жылғы 24 казанда Астана қаласында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессиясында ашық әңгіме такырыбына айналды. Елбасымыз тиісті орындарға қадау-қадау тапсырмалар берді, олардың орындалу мерзімдерін накты, шегелеп айтты. Ендеше «Бәрі жоспарлы келе жатыр, енді іс оңалады, бұл туралы сөз қозғаудың қажеті бар ма, өткен-кеткенді қазбалау керек пе?» деген занды сұрақтар туындаиды. Сонда бұл кітаптың мақсаты неде?

Біріншіден, тілдің кешегісі, бүгіні және ертеңі – тарих. Кешегісі – біздің жүріп өткен жолымыз, бүгіні – жүріп келе жатқан сокпағымыз, ертеңі – баратын бағыттыңмыз. Ал ұрпағымыздың тіл төңірегіндегі тарихты біліп отыруы үшін оның айтылуы тиіс, жазылуы керек. Екіншіден, тіл – бір орнында тұрмайтын, үнемі дамуда болатын

ауқымды үдеріс. Тілдік даму бүгінгі немесе ертенгі күннің еншісінде ғана емес, ол – мәңгілік құбылыс.

Қолдарынызға тиіп отырған жинақ сол тіліміздің бүгінгі ахуалға «мың өліп, мың тіріліп» жеткен, бастан кешкен қылышты замандар мен сұрқылтай кезеңдерден өткен жолдарын “**Тарихнама**”, “**Мениң тілім**”, “**Дерек пен дәйек**”, “**Өзге ел тәжірибесі: қүнгей мен қоленке**”, “**Жанайқай**”, тағы сол секілді тақырыптар арқылы тамтұмдап жеткізу. Осы мұддеден шыға білсек, алға қойған мақсатымыз орындалды деп ойлаймыз.

Дүрәлі Дүйсебай.

ТАРИХНАМА

Чиңгын, сактамуына да, жоғалуына да себеп болатын нағсениң, ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жүргіттың, өзі де жоғалады...

Ахмет Байтұрсынұлы.

«Қай мемлекетте отырсың?»

... Темірбек Жүргенов 1936 жылы халық комиссарларын жинап алғып, қазақ тілінде мәжіліс өткізіпті... Сонда «тұсінбедім» деген орысқа «қай мемлекетте отырсың?» деп қарсы сұрап қойған екен...

«Ана тілі», 13.10.2005.

* * *

... «Орысша оқымаса, нан сұрап жей алмайды» деп баламызды өзге тілге ауыздандырып баққан өзіміз емес пе? Енді, керісінше, қазақ тілін білмесе, несібесінен қағылуы ғажап емес.

Н.НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

* * *

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл деп Конституцияда жаздық. Мемлекеттік тіл туралы заң кабылданды. Ендігі мәселе біздің зиялды қауымның, біздің халқымыздың сол зандауды іске асыруға атсалысында. Мен баяғыдан айтып келе жатырмын: осы екі қазақ жеке отырғанда қазақша сөйлесейікші, далада да, үйде де, трамвай, троллейбуста да, демалыста жүргенде де. Үйде отырғанда бала-шағамызбен қазақша сөйлесейікші. Осыдан бастайык.

... Баяғыда мен Қарағандыда обкомның хатшысы болып жүрген кезде Егіндібұлак ауданында 98 пайыз қазақ болатын да, ауданның военкомы мен тағы бір адам – екеуі гана өзге үлтттан болатын. Соның өзінде екеуіне баяндаманы орысшаға аударып беріп, бәрін қазақша өткіzetінбіз, сол кезде Қарағандының өзінде.

Н.НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті,
«Егемен Қазақстан», 15.12.2000.

МЕМЛЕКЕТТИК ТІЛДЕР

(«Дала уалаяты», №13, 1891 жыл)

... Әрбір дербес мемлекетте мемлекеттік тіл болады, ол күнделікті іс қағаздарынан бастап, мектептерде, университеттерде, ресми мекемелерде, халықаралық дипломатияда ауызша және жазба түрде көн қолданылады.

Францияда француз тілі мемлекеттік тіл болып саналады. Францияда француздармен бірге арабтар, немістер, орыстар, қытайлар тұрады. Олар мемлекет қызметінде, жиналыстар мен ресми орындарда тек кана француз тілінде сөйлейді әрі жазады. Мемлекеттік тіл мен ресми тілдің міндет максаты екеу емес, біреу ғана: ол – бір-біrine балама сөз ретінде қоланылады.

АШЫҚ ХАТ

(Қазак тілін мәhkемаларда жүргізу туралы)

Қазақстанның губерналық һәм ояздық
сәуэт комитеттерінің төрағаларына

Қазақстанда мәhkемаларда қазақ тілін жүргізуге екпіндеп кірісіп жатырмыз. Бірақ бұл істі көңілдегідей қылып тез бітіріп тастауға болмайды. «Қазақ тілін жүргізу керек» деп құр бұйрық жазып қана қоюмен іс бітпейді. Бұл істі жүргізу жолында көп бөгет бар.

Кей қызметтегі адамдар сыртынан «Әй, әбден қазақ тілін кіргізу керек» десе де, бұл іске шындалап күш жұмсамайды.

Кей қызметтегі адам «қазақ тілін кіргізуше не қылып жатырысын?» десен, «ақша керек, ақша» дейді. Ал кейбір қызметтегі адамға «қазақ тілін неге кіргізбейсін?» десен, «қазақша һәм орысша жүргізуі жаксы билетін кісі болса екен, сонда қазақ тілін кіргізер едік», «мен қазақ тілін

жүргізуге құмар-ақпын, бірақ іс білетін қазақ жок, бір іс білетін қазақ тауып берсөнші» дейді. Қысқасы, сылтаудың саны көп. Сөйлете кетсөн, қызмет басқарып отырған адамдардың, мәһкеманы билеп отырған адамдардың ешбірі «қазақ тілін мәһкемаға кіргізбеймін» дейтіні жок.

Бірақ кейбір азғантай жерлерде болмаса, қазақ тілі әлі де қазактың өз аузында. Кей жерлерде тілін кеңеске кіргізбек түгілі, қазақ азаматы аузын ашатын емес. Тіл жұмған ауыздың ішінде.

Рас, шынында, бұл істің өзі онай да емес. Бірақ қазіргі Қазақстанда әрбір мәһкемада қызмет қылып жүрген азаматтар һәм қызметтөн тыс адамдар жалпы жұмыла бұл іске кіріссе, бұрынғы патшалардың замандарынан бері жұмылған ауызда буылып келген қазақ тілі сәует мәһкемасына кіруі хак.

Жалпы жігер керек, жалпы ынта керек. Коммунист партиясы һәм сәует һүкіматы азаматтарды осыған шақырып отыр.

**Жолдастарыңыз – Сәкен,
«Еңбекші қазақ» газеті,
17.03.1924.**

ЖУЗ ЖЫЛ БҮРЫН ЖАЗЫЛҒАН ҚҰЗЫРХАТ

... Қазақ халқының ағымдағы мұқтаждарын айқындау үшін қазақ тілінде газет шығару керек, ол үшін газет шығаруды алдын ала тексерусіз (цензурасыз) жүзеге асыру және баспахана ашу мәселелерін тікелей шешу тәртібін орнату қажет болады.

... Болыс кеңселерінде іс қағаздары орысша жүргізіледі. Бұл көрініс, өз кезегінде, халық тарапынан бақылау қойылмағандықтан болыс басқарушысы (болыс старшын) писірінің өзімбілемдігіне жағдай туғызады. Дала бас губернаторының айрықша өкіміне сәйкес халық соттарының съездерінде үкімдер мен шешімдер орыс

тілінде жазылып жүр, содан келіп сот пен екі жактың бақылауы болмағандықтан писірлер әдетінше ойларына келгенін істейді. Қолданылып жүрген «Дала ережесі» ұсынған штат бойынша уездер мен облыстық басқармаларда қазақ тілінің тілмаштары болуға тиісті, соған қарамастан жергілікті әкімшілік тілмаштыққа қазақша сауаты жок, кейде тіл білмейтін шенеуніктерді алып жүр. Қажеттік түа қалған жағдайда оның көлденең біреулерден комек сұрауға мәжбүр болып жүргені. Ал кайсыбір крестьян бастықтары (коныстанушылардың көбеюіне байланысты селоларды топтастырып басқаратын шинеуниктер. Эр уезде төртеуден болған. Бұлар – негізінен жергілікті жерде орыс мәселелерін жүргізетін лауазым иелері) қазақ тілінде жазылған хат-шағымдарды қабылдамайды да. Соның салдарынан қазактар өз шаруасына пәлендей пайдасы болмаса да астыртын атбекеттерге (корғаушыларға) ділгір болды.

Қазактар мұддесіне қарай мыналардың жүзеге асырылуы қажет: болыс кенселері мен халық соттарына іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуі енгізу, тілмаштық қызметке қазақша сауатты, тіл білетін адамдар алыну керек, қазактардың аяқасты етілген құқықтары қалпына келтіріліп, олардың хат-шағымды өз ана тілінде беруіне жағдай жасалуы керек.

Әділеттілікті жүзеге асырудың ең қажетті шарты – соттың өз арасында қызмет етіп отырған халқының тілін білуі. Соған қарамастан қазақ даласында қазақтың тілін білмейтін орыстар сот және тергеуші болып істеп жүр. Ал зангер қазактар, неге екені белгісіз, қазактар көп тұратын уездерде қызметке тағайындалмайды, соның салдарынан Дала өлкесінде сот әділеттілігіне нұқсан келуде.

Сондықтан соттардың қазақ тілін білгені жөн және қазақ даласында присяжный сот енгізілуі қажет...

*1905 жылғы 26 маусым,
Қоянды жәрмеңкесі.
Түпнұсқасына 12767 адам қол қойған.*

КЕНСЕ ТІЛІ

(*Қарқаралы қазақтарының құзырыхаттары
(петициялары), жазуышы Қ.Исабайдың жазбасынан*)

Жергілікті қызметкерлердің болсын, жалпы шаруалардың болсын. Осы күнгі бір айтып жүргені – кенсе тілін шын түрде қазақыландыру. Кенсе тілін қазақыландыру мәселесі қолға алынғалы бірталай уақыт болса да, әлі күнге көнілдегідей өріс ала алмай отыр. Ауылдық, болыстық кенес орындарының істері тегіс қазақ тілінде жүріп жатыр десек те, ел арасында іс жүргізуін жөнін білетін адамдардың жоқтығынан жұмыстары ақсаумен келеді. Болыстық, ауылдық кенес орындарымен тұра қатынас қылатын уездік, губірнелік мекемелер де қазақыландыру жұмысында міндеттін толық атқарып отырған жоқ. Кенселеріне бір-екі жүргізуши отырғызып, шала перуатшік (аудармаши – Д.Д.) арқылы бұйрық-жарлықтарын елге былықтырып жіберіп отыр.

Ел арасында ашылып жаткан түрлі кәперетіп үйлері бар. Бұлардың істері орысша жүргізіліп жатыр, деп ел арасындағы тілшілер екі күннің бірінде қақсан отыр. Кәперетіп үйлерінің уставы да қазақ тілінде басылмаған көрінеді.

Қысқасы, кенсені қазақыландыру жөніндегі қолданылған шаралардан көзге көрінген жеміс әзір аз. Кенсе жұмысын қазақ тілінде жүргізіп кететін мамандар әлі шығарылмай келеді.

Бұл мәселе болып өткен Қазақстандағы 5 партия кәнперенсиесі де тоқталып, тиісті қаулысын шығарды. «Кенестендіру жөнінде айрықша орын алатын нәрсе – қазақыландыру мәселесі. Қазақ елінің ұлттық автономия мәселесін шешу тілегінің жүзеге асуының – тек ауыл (қазақ) тілінде ғана ауылдан шыққан адамдармен ғана болады» деді.

Партия кәнперенсиесінің бұл қаулысын жүзеге асуры жөнінде алдымен істелетін шаруа – жергілікті елден іс мамандарын шығаратын курс, мектептер ашу. Бұл курс, мектептерде оқып шыққан жастар кенсе жұмысын өз беттерімен жүргізіп кетерлік болсын.

Губірнелік, уездік қалалардағы бұл уақытқа шейін болып келген қурстердің бір кемшілігі – мерзім өте қысқа болып, оқушылар керекті мағлұматтарды толық ала алмай жүрді. Содан барып істе шалалық тудады.

5 партия кәнперенсиесі қазақыландыру мәселесі туралы жол сзызып берді. Ендігі міндет – партия кәнперенсиесінің қаулысын жүзеге толық асыруда.

*«Еңбекші қазақ» газеті,
7.01.1926.*

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖОҒАЛМАС

Бастауыш мектептер жалғыз үкімет пайдасы үшін болмай, халық пайдасы үшін де боларға керек. Хұкіметке керегі мемлекеттегі жүрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуы сакталу. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сүмдық пікір-суық қолдан тыныш боларға керек.

Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге аударамын деу құр әурешілік. Қазақты дінінен айыру, болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс.

Араб әрпі Ислам дінімен бірге келіп қазаққа орнаған. Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды. Қазақта газет, журнал, кітаптар жоқ кезінде жоғалмаған тіл газет, журналы шығып, кітаптары басылып, жылдан-жылға ілгері басып келе жатқанда, қазақ тілі жоғалmas.

Міржақып ДУЛАТҰЛЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МҰҢЫ

Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңың бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай

таза едім. Жарға соққан толқындаі екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.

Енді қандаймын?

Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым.

Мен не көрмедім?

Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ногайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мұлдем жоқ қылғысы келгендер де болды. Өліде үшбакы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара тұсушілер аз болды. Мен жылы сөзді алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет (Байтұрсынұлы – Д.Д.) деген кісіден ғана естідім.

Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса, менің һәм – бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім.

Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаны жәндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмәштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін...

Жанның бәрі тендік алып жатқан кеңес өкіметінің тұсында менің бұтымды бұт, санымды сан қылып кім көрінген созғылай бастады. Өзгені не қылайын, отаршылдық саясатын колданбас-ау дейтін білім кеңесі де мені аямады. «Егістік», «сәрсендеме» деген жалаларды әкеп жапты маған. Бүйірмасын, біздің арамызда мұндай атты соғылғандар туғалы болып көрген емес. Не амалың бар? Құдай басқа салған соң көніп отырмыз. Кітаптарында, газеттерінде маған көрсетпеген қорлығы тағы жоқ.

«Қазақыландыру» бір пәлесі шықты да көрген күнім бұрынғыдан да қараш болды. Бірдемені бұтып-шатып жазады да, міне, сені қазақыландырдық дейді. Жақын арада Қазалы дейтін қалада «кәператиб күні» деген бір күн болып, жүрттың бәрі желігіп, көшеге шықты. Ұялғаным-

ай, кірерге тесік таба алмадым. Қолдарындағы қызыл туына сондағы жазғаны мынау: «Арзан тауара де дебенге һәм ауылдарға арзан астыт жұмыскерлер кетубі жасу. Назыққанда амал би лелдік жеккуле-к пл! Жоғарелатуна керек канун есамклдің арзандыға тауарлерде өсsemен жегере уктабр інклас!».

Міне, жұртый, Қазалының «қазакыландырғандағысы» осы! Жасаған-ай, мұндай да қазакыландыру болады екен!

Енді қайтемін? Бұл мұнызды кімге айтамын, кімге шағамын!..

Менің ойлап-ойлап тапканым – Жалау жолдас, сен болдың. Сен нағыз қазактың белбаласы едің. Сен адырайған адай едің. Сен өкімет басындағы аксақалымыз едің. Мұнызды мен жалғыз-ақ саған шағамын. Өзге кәмессиялардың көбіне сенбеймін. Олардан да жақсылық көрмедім, орысша жазады да, шала-шарпы тілмәштарына аудартып жаңымды шығара жаздайды. «Тасты жапалакқа үрса да жапалақ өледі, жапалақты тасқа үрса да жапалак өледі» дегендей, баз баяғы менің сорым.

Жалаужан, мен саған жалынам, «Ауыл тілін» шығарамын, газетім нағыз ауыл тілімен, таза қазақ тілімен жазылады дегенде ішім елжіреп кетеді. Мұныңа тілекtespiн. Жортқанда жолың болсын, жолдасың Маркс, Ленин болсын, сенің не керегіне мен дайынмын. Бірақ мені қорға, таза сақта, көрінген тілмәштарыңа тағы да кор қылма. Әсіресе. Қазалы сықылдылардың «қазакыландырғанынан» корға. Азар коменес болып кетсендे ата-бабаң қазақ еді ғой, мен солардың тілі едім ғой, не жазығым бар, ая мені!

Қошке КЕМЕНГЕРҰЛЫ

МЕКТЕП ҚАЙ ТІЛДЕ БОЛУЫ КЕРЕК? (Айттыс ретінде)

Окудуң негізі – ауыл мектебі. Ол мектепті көздеген мақсатқа жеткізу үшін үйі, құралы, сайманы, кітабы, оқытушысы сай болу керек. Қазіргі ауыл мектебінің төрт түлігі сай деп ешкім айта алмайды. Бірі болса, бірі жок.

Осы күнде ауыл мектептерінде комплекс (жиынды) әдіспен оқыту programmaға кіргендіктен мектепте алдымен керегі оқытушы болып отыр. Оқытушы жеткілікті біліммен комплексті қолданса, мектептің басқа кем-кетіктерін толтырады. Балаларға керекті білім береді. Өйткені комплекске керек жаратылыс, шаруашылық жағдайлары ауылдан табылады.

Ал енді ауыл мектептеріндегі оқытушыларды алсақ, комплекс әдісін жүргізе алатындары некен-саяқ. Жазғы даярау курстерден, педтехникумдерден шығып жатқан оқытушылар қайда? Қой бағып жүр мे? Курстен шыққан толық білімді пысықшылардың көбі түрлі себептермен басқа орындарда қызметтерде жүр. Ең аяғы милиция болып жүр, не ілгері қарай оқып кетеді. Педтехникум бітіргендері «әке» десен де ауыл мектебіне бармайды. Шаһарлы жерлерде қалады.

Сонымен ауыл мектебіндегі оқушылардың көбі басқа қызметтерге колы жете алмаған, не жарай алмағандар, не шалғайдағылар, не өз шаруасымен байланыстылар. Бұл соңғы реттегі оқытушылар комплекс әдісін жүргізе алмайды. Көрнекті әдіспен оқытуға оқыту аспаптары, кітаптары басқа жағдайлы шарттары болмайды. Екі әдістің бірі болмаған соң, шала білімді оқытушылар бетімен оқыта береді. Балалар тиісті білімді ала алмайды. Осындай дүмбіlez біліммен ауыл мектебінен бітіргендер шаһардағы орта мектептердің даярау бөлімдеріне түседі. Өткен жылға шейін емтихан болған жоқ. Сондықтан әрбір оқытушы біліміне қарамай, ілгері бөлімге кіретін болды. Әуелде білім жеткіліксіз шала жансар болғандықтан, орта мектепте оку ауыр болады. Жөнді түсінбейді, жыл сайын түсінбеу молая береді. Сондықтан бұл уақытқа шейін орта мектепті бітірді деген қағаз алушылар көп, бірақ толық білім алушылар аз.

Және бұл уақытқа шейін ауыл мектебін де бітірмей, болар болмас даярланумен орта мектептерге түсіп жүргендер де көп. Енді емтихан шығып отыр. Бұдан былай ауыл мектептерін бітіргендерге өріс бұрынғыдан тарылады. Қағазбен ілгерілей беруге болмайды. Бұдан былай ауыл мектебі жоғарыдағы айтылған күйде болғанда

ауыл мектебін бітіргендер орта мектепке түскенде ілгері бөлімге түсे алмайды. Ауыл мектебінде соңғы жылда оқылуға тиісті сабактарды бір жыл қайталап оқиды. Олай болса, ауыл мектебінің соңғы жылына шығарылған шығын желге кеткен шығын деп есептеу керек. Әзір ауыл мектептерінде жеткілікті комплекс әдісін жүргізерлік оқытушыларды таба алмайтын болсақ, ауыл мектебінде оқу екі жылдық болу керек. Осыған қарап орта мектептердің неше жылдық болуын шешу керек. Мұны шешпестен бұрын орта мектептерде оқу қай тілде болу керектігін шешу керек. Кейбір жолдастар орыс тіліндегі болсын дейді. Ондағы дәлелдері:

- 1) Қазақ тіліндегі орта мектепті бітіргендер орыс тіліндегі жоғары мектептерге түсе алмайды.
- 2) Жеткілікті қазақша оқытушы жок.
- 3) Орта мектепте жеткілікті қазақша кітап жок дейді.

Әр дәлелдің салмағын өлшеп көрейік. Бірінші дәлелді бетке ұстайтындар: осы уақытқа шейін жарым-жарты казақ тілінде болып келген педтехникумдерді, институттерді мысалға алады. Бұларды бітіргендердің орыс тіліндегі жоғары мектептерге түсे алмайтындықтарын көрсетеді.

Бұл уақытқа шейін орта мектептегі казақ оқытушыларының кемшіліктері: 1) әуелде жеткіліксіз біл-іммен секірулері; 2) орыс тіліне шалағайлыштары. Бұған себеп орыс тілінің қазақ балаларына орыстарға арналған әдіспен оқытылуы. Сондықтан орыс тілінде оқытылатын басқа пәндерге де қазақ балалары түсінбейтін. Бұл кемшіліктерді жоюға болады. Ең мықты дәлел: жеткілікті оқушы жок деген. Егер орта мектепте оқу орыс тілінде болса, бізден еш уақытта жеткілікті оқушы шықпайды. Ұлт мектептері, ұлт мәдениеті болмайды. Және басқа түрік ұлттары орта мектебін өз тілінде жүргізіп жатқанда қазақтың өз алдына ауа жайылуы кисынсыз. Орта мектеп орыс тілінде жүрсе, қазақ тілінде кітап басылуың қажеті болмай қалады. Пән кітаптары қазақ тіліне аударылмайды. Жеткілікті кітап жок деген күшті дәлел емес. Бірсыныра кітап шығып қалды. Орта мектепте қолданылатын лабораторный әдіске қолайлы кітаптарды шығару бір-ақ жылдық жұмыс. Орта мектепте оқу қазақ тілінде болса, алдымен керегі – жана түрмен

орыс грамматикасын қазақшаға үйлестіру және «Орысша-казақша толық тілмаш» шығару. Осы күнде орыстарда неміс, ағылшын тілдері қандай әдіспен оқытылса, бізде де орыс тілі сондай әдіспен оқытылу керек. Орыс тілін оқытууды бастамастан бұрын орыс тіліндегі әдебиет, пән кітаптарын түсініп оқырлық дәрежеге жеткізу, болмаса орысша сөйлеу, орысша сөз, сөйлеммен дұрыс құрастыру, көбінесе, тәжірибемен болады. Орта мектепте қазақша тиісті пәндерден толық мағлұмат алғандар, орыс тілін толық үйренгендер орыс тіліндегі жоғары мектептерге даусыз түсे алады. Жалғыз-ақ орыс тіліндегі пән кітаптарының терминдерін бір шолып өтсе болады. Әзірге ашылып отырған, ашылатын орта мектептерді қазақ тілімен жүргізу үшін орта, жоғары мағлұматы барлардан реттілерін таңдап алып оқыту әдісін үйрету үшін үш айлық курс ашып, орыстың атақты оқытушыларын шақырып отыру керек.

Енді бір бес жылда орта мектептерге жеткілікті оқытушыларшығарғанментабылмайды деп, үміткесетіндер басым болса, тәжірибе үшін Тәшкент пен Қызылордадан екі орта мектеп ашып, бірыңғай өтуді қазақ тілінде жүргізу керек. Орта мектеп қазақ тілінде болса, жоғары мектеп те бара-бара қазақшаға айналады. Орта мектеп қазақ тілінде болған күнде округтік қалада ашылатын 2-басқыш мектеп те, педтехникум де жеті жылдық болу керек. Екеуінің де алғашкы үш жылды даярлау болады. Даярлауышқа ауыл мектебін бітіргендер кіреді. Үш жылдық даярлауышта жана әдіспен орыс тілін көбірек оқыту керек. Осы даярлауышты бітіргендердің 50 процентін техникумдерге, рабфактарға жіберіп отыру керек. З жылдық даярлауышты жақсы бітіргендер техникум, рабфакке кіріп, орыс тілінде берілетін сабактарды тындауга әбден жарайды. Әр ауданда жатақты (интернат) 5 жылдық үлгілі мектеп болу керек. Осы күнде мұндай мектеп Өзбекстанда ашылғалы жатыр. Мұны бітіргендер орта мектептің негізгі бөліміне түсетін болсын. Енді ауыл мектептері көпшілікке отырықшылыққа қарай үйлес болу керек.

*«Еңбекші қазақ» газеті,
01.02.1927.*

Бейімбет МАЙЛИН

МҰСАДАН ХАТ КЕЛДІ

Мұса – орысша оқыған жігіт. Өзгерістен бері қызметкес кірмей елде жүрсе де, губернелік қазақ кемесиесі шақыртып алдып, жұмысқа қосқан. Мұса губернеде қызметте.

Мұсаның үйі, елі екі-үш айдан бері көрмей, Мұсаны сағынып жүрген. Бір күні Мұсадан хат келді.

- Мұсадан хат келді! – деп балалар жүгіріп жүріп, бүкіл ауылды хабарландырып болды. «Қадірлі баланың» хатын оқып, хабарын білгелі кемпір-шалдар бүкшендеп, қатын-балаға шейін қалмай жиылды.

Хат қазақша жазылған. Мұсаның әкесі Байғабыл хат танитындығы бар, хатты оки бастады. Хаттың сөзі мынау: «Ассалаумағалейкүм, әке! Әжеме сәлем! Ауыл, көршіге де дұғай-дұғай сәлем дерсіз! Ең басында айттар сөзіміз үшбу дүр: қызметке кірдім. Айлық жалуыниам 90 сом. Күніне 8 сағат занимайтса етем. Қаланың бір удобны жерінен – тсентрден куәртирил алдым».

Байғабыл отағасы соңғы сөздерге түсіне алмай, азырак мүдірді. Жанындағы қатыны төніңкіреп:

- Бапасы-ау, немене қылдым деп айтады дейсің? – деп карай қалды. Байғабыл тағы окуға кірісті: «Риуәлиутсиеден бері күләткісі елементтер жабысумен келеді уылысқа. На дынах басталады переуибұр. Сондыктан бұл переуибұрда күләткісі елементтер mestіні уылыстан керек қуылуы». Байғабыл хаттың осы жеріне шейін сүрініп-қабынып зорға жетті. Не дегенине оқушы Байғабыл да, тындаушы жүрт та түсіне алмады.

- Мұсажан «денім сау» деп пе? – деп бір кемпірлеу әйел Мұсаның шешесіне қарауды. Байғабыл басын қасыды.

- Күнде өзгеріп жатқан заман ғой, балалар заманын ағымына түсіп, тіл тауып алғанын көрмейсің бе? Біз шалдар жастардың жаңа тіліне қайdan түсіне алайық, - деп Байғабыл отағасы күрсінді.

- Жаңа тілімен бізге жазбай-ақ қойса қайтеді екен, бізге осы қазақтың ескі тілі-ақ түсінікті, - деді отағасы.

Мұсаның хаты сағатында бүкіл ауылды ойпаң-тойпаң қылды.

- Мұсадан хат келді.
- Аман ба екен?
- Аман көрінеді. Хатына түсінген жан жоқ, жаңа тіл тауып алыпты.
- Жаңа тіл? Қазақ тілін қайтеміз?

«Ауыл»,
18.10.1924.

ОЛАЙ ЕМЕС “КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК!”

Қазақ ұлты – Кеңестер Одағындағы тең құқықты ұлттың бірі. Қазақ тілі де тең құқықты тіл. Бұрын қазак тілін елемейтіндер, қазақ тілімен сөйлеуді ар көретіндер, осы күні тілі жаңа шығып келе жатқан баладай, балдырылғылдырып сөйлейтін болып жүр. «Так сказать», «вызывают» түйдектетіп соғып, өзінше қазақтың алты ай мінсе арымайтын төл сөзіне ие болды деп жүр.

«Ғыйбадатты тіліңмен емес, көnlіңмен істе!» деп баяғыда молдалар өсиетін айтатын. Сол айтқандай, біз олардың тілінің бұдырының жаба тоқып, ниетіне риза боламыз.

- Бәрекелде! Қазақ тілі соккы көрген тілдің бірі еді. Ниетіңе ризамыз. Осы беттеріңмен жүре берсеніздер, әлі-ақ жөндігіп кетерсіндер. Тілі жаңа шығып келе жатқан жас балаларына орысша сөйлетеді әуес көрмей, қазақша үйрететін де күндерін болар. Қазақ тілін жүзеге асырыс! Кеңсе жұмысын қазақша жүргізіп, ел енбекшілерінің мүддесіне дәл келтір, - дейміз.

Көпшіліктің де айтары осы; партия да, үкіметте осыны айтады. Қазақ тілін кенсе тілі қылу туралы – үкімет толып жатқан шара қолданды.

Соның арқасында тілек орындалып келеді. Ауылдық, болыстық кеңестердің жұмысы таза қазақша жүретін болды. Уездік мекемелер де қазақ болыстарына бұйрық-жарлықтарын қазақ тілдерінде жіберетін болды. Қазақша

жаза-сыза білген адамдар кеңсе жұмысына алынатын болады.

Бұл – қазақ тілін жүзеге асыру жөніндегі жұмысымыздың кернекті жағы.

Ойлаған мақсат мәйнетінде, сағатында орындала қойса, социалдық тұрмысты бір күнде құрып алмаймыз ба? Ілгері басқан аяқ кері тартылмаса, әлдекашан бел асып кетпекшіміз гой.

Бірақ біз әлі күнгі бірен-саран кеселден арылып кеткен жоқпыз. Ілгері баса берсек, аяқтан шалып қалып, кейін қарай бір тұжырып тастайды. Дөңгелекке оралған томарды жұлып тастап, құшті мұдіртпей созумен бара жатырмыз. Бет тұзу, қорған бекем, ұлы күн анау-мынау кедергіні елей коймас деген үміт бар.

Мен сөзімді қазақ тілі туралы бастап едім. Енді соныма қайтып оралайын.

«Келінім, саған айтамын, қызым, сен тында» дегендей, қазақ тілін жүзеге асыру туралы орындарда ұшыраған кейбір кедергілерді көш жолынан домалатып алып тастап, мынау естерінде болсын демекшімін.

Қызылорда – Қазақстан үкіметінің астанасы. Сырдария губерниясы астананың қолтығында отырған губерне. Астанадан шықкан бұйрық-жарлық Сырдарияға алдымен тиеді. Астанамен сан-сапалак араласып жатқан соң, үкіметтің қай жұмысы туралы болса да, басқа губернелерге қарағанда, Сырдария алда отыруы керек. Бұған мен өзім таласпаймын. Басқалар да таласпас деп ойлаймын. Бірақ Сырдарияның губернелік әкімшілік бөлімі осыған таласады деген өсек бар. «Жел болмаса, шөп басы қозғалмайды», өсектің тарауы үшін де тиянақ керек. Осы тиянақ – губернелік әкімшілік бөліміндегі хатшылық қызметтің атқаратын Кеселов табарышта білем. Тілшілердің жазуына қарағанда, Кеселовта бас асаулық бар тәрізді. Кеселов табарыш әлі күнгі «қазақ тілі» деген сөзге аузын алдырмаған секілді. Қазақ тілін:

- Қазақский язык! – деп миғынан күледі білем.

Болыстық кенселерден қазақша жазылған қағаз келсе, Кеселов «қазақский языкке» өшіккендігі сондай, бұкте-

бүктеп үстелінің қуысына тыға салады дейді. Қандай қағаздарды тықты екен? Тұқым, көлік сұраған кедейлердің арызы жок па екен? Бүктеліп жатқан қағаздарды ашып тұрып көрер ме еді?! Әттең дүние-ай, көріп бір құмардан шыға алмаймыз-ау!

Сырдарияның губернелік партия, кенес комитеттері бұл істі аяқсыз қалдырmas қой. Кеселов табарыштың бас асаулығы рас болса, тиісті заң бойынша жауапқа тартар. Мұны істейтіндігіне шегіміз жок. Біздің мұнда, әңгіме қозғап отырған себебіміз – тілші хатының шындығына жету. Уақиғаның болуы рас болса, заң бойынша жазасын тартқандығын әлемге жарияладап Кеселов сияқты «табарыштарға» өнеге есебінде ұсыну.

Сәтбек деген кісі бір келініне: «Келін шырағым, мұрнынды сұрт, өне бойы Сәтбек жанында тұрмас!» - деген екен. Сол айтқандай-ақ мекеме басында отырған жауапты қызметкерлерге:

- Өнег бойы біздің тұртулерімізді күтпей, өздерің де бақылап отырсандаршы! – демекшіміз.

Еңбекшілер жұртшылығы талай қисықтарды тезіне салып, мұсіндей қылып түзетпекші. Бұл талассыз. Құрық алып кететін асau жок. Аяқ астында отырып, пыш-пыштап, жұмыска кеселін тигізіп, отаршылдық саясатының исін аңқытатын болса, ондайды ұластырмай қырқып тастау керек. Жаңа жұртшылық ұлтшылдықпен де, отаршылдықпен де катар күреседі. Мұны ұмытатын жөн жок.

ПЕРЕВОД

Кенсе бас сайын отырған казактың кайқы танау баласы. Қолына қаламын алып, киратып тастанын деп отырған адам секілді. Сырттан адам келсе, қоқырайып ірілік қылудан да тайынбайды. Ептеп маңайына жакындал, оны-мұны сөз қыла бастасаң, ол алдымен, өзінің мұнын айта бастайды.

- Пәленше де, түгенше де жауапты орынды алып отыр. Солардың бізден несі артық? – деп өзінің «төрелігінің» маңызды еместігін әлдекімнен көргісі келген тәрізденеді.

Кейде бұл мұңын орыс жолдастарына да айтып қояды. Оларға қарағанда өзінің екі тілді бірдей билетіндігіне мақтандып, жазаласа, жікшілдіктің ылаңынан алакөздікке ұшырап отырмын. Әйтпесе... деп кемесерлікке бой ұрудан да тайынбайды. Жік басы болған азаматтардың кейбіреулері өткен қатасын мойнына алып, партия жолына түстім деп бетін ашса, әлгіндейлердің асқынғандары «Мен де тәуба қылдым» деп дос-жарларына хат жазып жариялады. Жазаласа, газет басқармаларына тәuba қылғандығын білдіріп, «Осынымды бассаңыз екен!» деп етініш те қылады...

Мен кеңседе отырған қазақ балаларын жалпы алып отырғаным жоқ. «Аяз әлінді біл, құмырсқа жолынды біл» дегендей, әлі келетін іске жармасып отырғандарға ешкімнің де сөзі болмаса керек.

Сөзімді «переводтан» бастап едім, енді сонымды аяқтаймын. Жоғарғыларды қазбалап жатқаным, менің жазып отырған «переводым» соларға байланысты, өйткені қазір де кеңсенің ісі қазақыланып келеді. Жергілікті мекемелерге жіберілетін бұйрықтар – жолдастар, елге таратылатын үгіт-нұсқау қағаздары екі тілде бірдей дайындалады. Орысшасын орыс азаматтары дайындаиды рой, ал қазақшалауға келгенде, кеңседе отырған әлгі қазаққа кезек келеді.

- Жолдас мынаны қазақшаға айналдыра қойыңыз!

Өзі қазақ баласы. Өзі қызметін менсінбей жоғарыға көз салып отырған адам, «қазақшалай алмаймын» деп тіріде айттар ма, қаламды ала салады да, тиіседі.

- Қазақшаға аудардыңыз ба?

- Аудардым.

- Маладец.

Кеңсе бастығы өзінен жоғарғы орынға ісінен есеп бергенде:

- Бір қағаз да аудартпай жібертпеймін. Қазақша іс жүргізу жөніндегі план «ұсто пүренсент» орындалды, - дейді...

Кеңселердің қазақша жазған қағазын көруге құмарланушы едім. Іздестіре келе біразы қолға түсті. Оқушылар жалықпаса бірнешеуін алдарына тартайын деп отырмын.

Қазалы жер бөлімінің қызметкері Пошекансов дегенді жамандап бір тілші газетке жазыпты. Айыпталған адамының қарсы жазатын әдетті ғой. Пошекансов орысша мақала жазып, сондағы қазақ қызметкерінің біреуіне жалынады:

- Жолдас мынаны қазакшалап берініш!

Пошекансов орысшасын:

- «С 17-го по 19 марта я был служебным делам на село - Тюбе», - деп бастайды. Мұны қазақ азаматы: «17-ден 19 марта дейін мен болдым қызмет бабында...», - деп қазақша жаза жонеледі.

Бұл – сыпайы азаматтардың аудармасының бір түрі. Қызылорда уезінде шаруа күнін өткізу үшін уездік кемесие елге бір жапырақ қағаз таратыпты. Орысшасы менің қолыма түспеді, қазақшасы былай басталады:

«Қара шаруалар әм диқан шаруалар кеңес үкіметі – жалпы диқандардың үкіметі. Сонымен қатар сендердің жақсы тұруларың күні-түні жол саяси һәм шаруашылық жақтарының алға басуына жәрдем беруге тырысады, сендер үшін сауатсыздық жою мектебі һәм ауылдық мәдениет қазанының қайнауы жол ашады...».

Бұл – екінші түрі.

Енді үшінші түріне көшейік.

Ақмоланың губернелік аткомының қаулысы. №35.

«Слушали:

16-Ходатайство Губзу о разрешении найма рабочей силы для землестроительных работ, в случаях отказа населения и представить таковой.

Постановили:

Приподтвержденных документальными данными отказах населения в предоставлении дополнительной рабочей силы для выполнения. Землестроительный работ, разрешить Губзу производить наем с последовательным взысканием стоимости этих работ с населения в бесспорном порядке».

Бұл – қаулының орысшасы. Осының қазақ қызметкерлерінің біреуі былай аударған:

«Тыңдалды.

16-жұмыскерлерге жер мен пайдалану туралы губернелік жер бөлімінің ынта салмауы жерге орналастыру үшін.

Қаулы қылышы:

Сенімдеуге осы жұмыскерлерді жерге орналастыру туралы ынта салмағандығы көрінеді және жұмыскерлерді есіне алмағандығы көрініп отыр. Соның үшін бұл жұмыска саа ында салып, жұмыскерлерді жерге орналастыруға аса ынта салуға...»

Бұл – қаулының түпнұсқадан бұрыс көшірілгендейтінде хатшысы Гуменов қол қойып, болыстарға таратып та үлгерген. Басқа болыстардың не қылышп жатқанын өзі білсін, ортақшылар болыстық аткомінде отырған азаматтар қаулыны ары-бері аударыстарған да, ешнәрсе түсіне алмаған соң басқармаға жіберген.

Мінеки, перевод! «Орысша мен қазақшаның екеуінде құдаймын» деп төсін ұратындардың переводы, міне, осы! Мұның аты бөрік аламын деп бас алған, қас түзеймін деп көз шығарған болды. Қолынан келмейтін жұмыска жармасып, істі былықтырған болады.

Қазақстанда қазіргі күрделі жұмыстың бірі – қоныстандыру жұмысы. Қоныстандыру жұмысының көңілдегідей болып орындалуы үшін елге тараған бұйрық-жарлықтың ашық, анық жазылуы керек. Жоғарғы бұйрыктан ел не түсінбекші? Губернелік атком қоныстандыру жұмысын орындауға керекті жұмыскерлерді жалдап алуға қаулы шығарса, аудармашы оны екіншіге бұрып, жұмыскерлерді қоныстандыру деп түсіндіріп отыр. Мұны оқыған қазак өкіметке өкпелемей ме?

- Жұмыскер дей бергенше, бізді де ескерсе қайтеді, - демей ме?!

Ел ойыншық емес. Елді мазақ қылмау керек. Қолынан келмесе, білетінге беру керек. Әйтпесе, мынадай «перевод» - масқарашибалық. Бүйтіп мекемені қазақыландыра алмаймыз.

Кеңес басындағы жауапты азаматтар да, күр жоғарыдан қарай бермей, «переводқа» көзінің қырын салып барып, қол қойғаны жөн.

«Сойқанды содырлар» кітабынан, 1928.